

07 ҚАРАША 2015

ІШЫҒАРЫЛЫМДА

- Дүниежүзілік мұнай кеңесі
- БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының Тұрақты энергетика жөніндегі комитетінің 24-ші сессиясы.
- Парник газдардың шығарындыларын реттеу.
- Мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру бойынша жұмыс туралы
- Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МҰНАЙ КЕҢЕСІ ЭКСПО-2017 КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУҒА НИЕТ БІЛДІРІП ОТЫР

ДМК жанындағы Қазақ Ұлттық комитетінің Төрағасы, KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының орынбасары Жамболат Сәрсенов осы мақсатпен жаһандық мұнай-газ қоғамдастығының мүддесін білдіретін ірі халықаралық ұйым – Дүниежүзілік мұнай кеңесінің (World Petroleum Council) Атқарушы комитетінің 26-28 қазан аралығында Нью-Дели қ. (Индия) өткен кезекті мәжілісіне қатысты. Үш күндік шараның бағдарламасы атқарушы және бағдарламалық комитеттердің кездесулерін, сондай-ақ ДМК мәжілісін қамтыды.

Қазақстанның таяу арадағы ең ірі халықаралық жобасы EXPO-2017-ні таныстыру - мәжілістің негізгі тақырыбы болды.

«EXPO-2017-ге қатысу климат өзгерістерін болдырмау бойынша саясатты іске асыру үшін және CO2 шығарындыларын азайту бойынша шешімдерді іздестіру үшін элеуметтік және технологиялық ортадағы ынтымақтастықты кеңейтуге зор мүмкіндік

береді.

Дүниежүзіне белгілі EXPO көрмесі екіжақты қатынастарды әрі қарай нығайту үшін тамаша мүмкіндіктердің бірі болып табылады. Астанада өтетін EXPO көрмесінің жалпы ауданы 174 гектар.

Біз көрге 100-ден астам мемлекеттің және 10 халықаралық ұйымның өкілдері, сондай-ақ үш миллионға жуық келушілер қатысады деп күтудеміз. Бүгінгі күні 49 ел өзінің көрге қатысатынын ресми түрде растады» - деп мәжілісте атап көрсетілді.

Бұдан бұрын Кеңестің EXPO-2017 жұмысына қатысуы ДМК-нің 2013 жылы Калгариде өткен мәжілісінде талқыланған болатын. Кездесу қорытындысында ДМК Президенті Ренато Бертани Астанадағы көрге қолдау көрсетуге және Дүниежүзілік мұнай кеңесінің тұрақты энергетика мәселелері бойынша мамандандырылған шарасын өткізу арқылы оған қатысуға ниет білдірді.

Оған қоса, Жамболат Сәрсенов қатысушыларды Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен іске асырылып жатқан еліміздің экономикалық әл-ауқатын қамтамасыз ететін басты механизмдерімен таныстырды. Біріншісі - «Нұрлы Жол – Болашаққа жол» бағдарламасы, осы бағдарлама аясында жалпы қаржы салымы 9 млрд. АҚШ долларын құрайтын экономиканың 90 басым жобасы және «Жібек жолының Экономикалық белдеуі» жобасы іске асырылмақ. Өңірдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұмтылысы Қазақстан мен Қытайдың бірлескен жобаларында көрініс тапқан. «Энергетикалық сұраныс және Қытай мен Қазақстанның ұсынысы екіжақты экономикалық және сауда алмасуларын дамыта отырып бір-бірі жақсы толықтырып отыр», - деп атап көрсетті KAZENERGY Төрағасының орынбасары.

Х «МҰНАЙ-ГАЗ СТАНДАРТЫ – 2015» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

2015 жылғы қазанның 26-сы мен 29-ы аралығында Қауымдастық пен ТК 89 «Техника және мұнай және газды барлау және өндіру технологиясы» өкілдері Ресей Федерациясының Астрахань қаласында өткен Х «МҰНАЙ-ГАЗ СТАНДАРТЫ- 2015» халықаралық конференциясына қатысты.

Конференция ЕАЭО елдеріндегі техникалық реттеу және стандарттау реформаларын талдауға, Ресейдің мұнай-газ өндіретін кешенін дамыту перспективаларына, импортты ауыстыру мәселелерін шешудегі стандарттау рөліне арналған.

Ресей техникалық реттеу, стандарттау және сәйкестігін бағалау бойынша өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер одағының комитеті дәстүрге сай конференцияның ұйымдастырушысы болды.

Конференция шеңберінде ТК 23 «Мұнай және газ өндірісі»/МТК 523 «Мұнай мен газ өндіру және өңдеу техникасы және технологиясы»



бірлескен мәжілісі өтті.

Конференция қатысушылары теңіз мұнай-газ нысандарындағы апат жағдайларына қызметкерлер құрамын машықтандыру үшін құрылған ПАО «ЛУКОЙЛ» корпоративтік оқу орталығына барды. Апат жағдайларының мынадай түрлері көрсетілді:

1. Тікұшақтың апаттық қонуы: өрт полигоны алаңына МИ-8 жолаушылар тікұшағының апаттық қонуы. Өуе кемесі апат жағдайында орта есеппен екі минут ішінде жанып кетеді, мұның өзі

адамдарды құтқару уақыты өте аз екенін білдіреді.

Тікұшақтың апат жағдайында жолаушылары мен экипажын құтқару мәселесінің өзектілігі теңіз бұрғылау платформаларына қызмет жасайтын тікұшақ тасымалдарының күн өткен




сайын көптеп қолданылуына байланысты.

2. Өртеніп жатқан сатының каскады: жанып жатқан саты каскадын көбікпен сөндіруге машықтану жаттығулары.

3. Мұнай платформасы: мұнай платформасының бір бөлігін модельдейтін тренажерге тікұшақты апаттық қондыру кезінде туындаған өртті сөндіру бойынша жаттығулар.

4. КУЦ ерекшелігі – авиаапат жағдайын бейнелейтін жабдығы бар терең (өңірдегі ең терең) бассейн. Орталықтың техникасы кез келген - тіпті ең қатаң табиғи жағдайды бейнелей алады: дауылды жел (екі қуатты аэро-зеңбірек бар), найзағай разрядтары (стробоскоп), биіктігі 2,5 дейінгі толқын және жаңбыр.

Жаттығулар кезінде ішінде адамдары



корпус суға түсіріледі және 180 градусқа аударылады. Осы орайда, апат өте шынайы бейнеленеді.



Қазан айының басында Алматы қ. KAZENERGY қауымдастығы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, сонымен қатар Қазақстандағы мұнай-газ кен орындарының үш ірі операторы - «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.», «Теңізшевройл» ЖШС және «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б. В.» «Ақтау Декларациясы: синергия және оқшаулау» тақырыбымен жеткізушілердің бірлескен форумын өткізді.

Осы әрекеттестіктің табысты аспектілерінің бірі 2012 жылғы қыркүйекте «ҚР-ның жергілікті мазмұнын дамыту жобасын тұжырымдамалық қолдауды» білдіретін «Бірлескен қызметтер туралы Ақтау Декларациясы» қағидаттарын енгізу және іске асыру болып табылады.

Декларация Қазақстан Республикасының ірі мұнай-газ операторларының жергілікті мазмұнға қатысты төмендегідей басым бағыттарын дамыту ниетін көрсетеді: машина жасау саласы мен қызметтер саласын дамыту, кадрлық әлеуетті және Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) дамыту, алдын ала біліктілікті бағалау процесін біріздендіру және тендерлік рәсімдерді біріздендіру, сондай-ақ, қазақстандық өндірістің бірыңғай деректер базасын құру. Декларация ниетінің орындалуы ҚР Энергетика министрлігінің басқаруында және бақылауында.

Форумның негізгі мақсаты - индустрияға Декларацияның орындалу мәртебесімен таныстыру, тауарлар мен қызметтердің өндірісі бойынша отандық нарықтың дамуына қолдау көрсету және мұнай-газ секторы үшін талап етілетін басым тауарлар тобын оқшаулау.



KAZENERGY, PSA ЖӘНЕ ҰЛЫ-БРИТАНИЯНЫҢ САУДА ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫ-МАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ



ЭКСПО-2017 шеңберінде БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының тұрақты даму энергетикасы жөніндегі халықаралық форумы және министрлік конференциясы өтеді

Мұндай шешім Женевада қарашаның 18 -і мен 20-сы аралығында өткен БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы Тұрақты энергетика комитетінің (UNECE) 24-ші сессиясының қорытындысы бойынша қабылданды. Бұл шараға Қазақстан Республикасы атынан KAZENERGY қауымдастығының бас директоры Әсет Мағауов және атқарушы директоры Рамазана Жамписов қатысты. Сапардың негізгі мақсаты екіжақты ынтымақтастықтың перспективасын талқылау және алдағы Астанада өтетін EXPO 2017 көрмесі шеңберіндегі тұрақты даму мүддесінде БҰҰ ЕЭК энергетика бойынша

Халықаралық форумын өткізуді жобалау. Осыған байланысты, Әсет Мағауов Женевадағы БҰҰ офисінің бас директоры Майкл Мёллермен, БҰҰ ЕЭК Тұрақты энергетика жөніндегі комитетінің төрағасы Юрген Кеинхерстпен, БҰҰ ЕЭК Тұрақты энергетика бөлімшесінің директоры Скот Фостермен кездесті, сондай-ақ, Комитет мәжілісінде Астанада ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу жобасымен таныстырып сөз сөйледі. Астана қ. 2017 жылы БҰҰ ЕЭК Тұрақты энергетика жөніндегі халықаралық форумын және министрлік конференциясын өткізу туралы шешім қабылдау келіссөздердің табысты



нәтижесі болды.

БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысының орынбасары Андрей Васильев қатысқан X Еуразиялық KAZENERGY форумы барысында бірлескен ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізілгенін естеріңізге саламыз .

Әсет Мағауов «Іске асыру және табыс көрсеткіштері» панельдік пікірталасында сөз сөйлей отырып, тұрақты энергетиканың Қазақстанды дамытудың басты элементі болып табылатынын атап көрсетті. «Соңғы жылдары Үкімет энергиялық тиімділік және жаңармалы энергия көздерін қолдау саласында «жасыл экономикаға» көшу бойынша бірқатар стратегиялық құжаттарды қабылдады. Қазақстан парник газдардың шығарындыларын шектеу бойынша халықаралық міндеттемелерді қабылдады. Осы мақсатта квота бөлу механизмі арқылы көмірқышқыл газының шығарындыларын реттейтін ұлттық жүйе

құрылды. елдің тұрақты даму жолына көшуіне қосымша серпін беру үшін Қазақстан EXPO-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесін қабылдауға дайындалып жатыр, - дейді ол өз сөзінде.

Тұрақты энергетиканы дамыту жолдарын талқылау барысында біздің экологиясыз үшін көмір энергетикасының (энергия ресурстарын тұтыну құрылымында шамамен 60%) экологиялық таза көздердің: газ энергетикасы, жаңармалы көздер, атом энергетикасының бірте-бірте орнын басуы аса маңызды екені атап көрсетілді. Қазақстан азия өңірінде парник газдардың шығарындыларын реттеудің ұлттық жүйесін құрған алғашқы ел болғанын атап көрсеткен жөн. Жаңармалы энергия көздерін инвестициялау үшін Қазақстан заңнамасы жоғары тұрақтылық деңгейіне ие болып отыр.

3-қарашада Лондон қ. Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлыбританияға сапары шеңберінде KAZENERGY қауымдастығы, «PSA» ЖШС және Ұлыбритания сауда және инвестициялар департаменті арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумға сай тараптар Қазақстан мен Ұлыбритания арасында мұнай және газ саласында, оның ішінде бірлескен қызметтер туралы 2012 жылғы 25-қыркүйектегі Ақтау Декларациясының қағидаттарын ескере отырып ұзақ мерзімді орнықты серіктестік орнатуға назар аударатын бірлескен Жұмыс тобын құруға келісім жасады. Бірлескен Жұмыс тобына жақсырақ білім алмасуға, өндірімділікті, техникалық мүмкіндіктерді ұлғайтатын және Қазақстанның бәсекелестік басымдығына үлес қосатын, Қазақстан Республикасының мұнай-газ секторының өсуіне қолдау білдіретін және өңірлік және халықаралық нарықтарға экспорттау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін жаңа серіктестіктерді ұйымдастыру сияқты ортақ мақсаттарда нәтижелерге жылдамдатып қол жеткізуге күш-қуатты жұмылдыруға мүмкіндіктер беріледі.

Жабдықтар мен құрамдас бөліктер өндірісіне, сонымен қатар, мұнай және газ кен орындарын игерудің (пайдалану, техникалық қызмет жасау / кен орындарының тұтастығы) капиталдық, сол сияқты өндірістік кезеңдегі сұраныстарын қамтамасыз ету үшін сарапшы мамандардың қызметтеріне бірлескен Жұмыс тобының бастапқы назары аударылады. Сондай-ақ, Жұмыс тобы келісілген жұмыс тапсырмасына сәйкес ынтымақтастықты дамыту үшін бағдарлама әзірлейді.

ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ФОРУМЫ



9-қарашада Астана қ. «Теңізшевройл» ЖШС Үкіметпен және қоғамдастықпен байланыс жөніндегі бас менеджері Рзабек Артығалиевтің төрағалық етуімен және құрылыс және сервистік компаниялардың 148 өкілінің, олардың ішінде 68 отандық және 16 шетелдік компаниялардың өкілдерінің және ЖШС Сарапшылық тобы мүшелерінің қатысуымен «Теңізшевройл» ЖШС сағаны басқару жобасы - болашақта ұлғайтылатын жобасының құрылыс компанияларының Форумы өтті. Форумның Президиумын Қазақстан Республикасы министрліктерінің басшылары атынан Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рау және Энергетика вице-министрі М.М.Мырзағалиев, «KAZENERGY» қауымдастығының бас директоры Ә.М.Мағауов, «Теңізшевройл» ЖШС жобаларының бас менеджері К.Брэннен, «Теңізшевройл» ЖШС бас директорының орынбасары А.С.Жакиев басқарды.

Форум қатысушылары ЖШС ПБР-ПУУД мәртебесі туралы «Теңізшевройл» ЖШС таныстырулары мен баяндамасын, жергілікті мазмұн бойынша жобалар стратегиясын, ПБР-ПУУД құрылыс жұмыстары, жүктерді тасымалдау бағыттары шеңберіндегі құрылыс жұмыстарының ауқымы туралы тыңдады, сондай-ақ, КейПиДжейВи қайта біліктілік беру бойынша маманы Ш. Бартрам ПБР-ПУУД жобасының қайта біліктілік беру процесі туралы және құрылыс компанияларына қойылатын талаптар туралы әңгімелеп берді.

Форумның пленарлық сессиясының соңында Рзабек Артығалиев Сарапшылық топ мүшелеріне 2015 жылғы желтоқсанда Жергілікті мазмұнды дамыту бойынша жоспардың 7-редакциясымен істелетін жұмыстарды жалғастыратынын мәлімдеді.

Форумның аяғында қазақстандық және шетелдік компаниялармен интерактивтік сессиялар өтті және ТШО басшылығымен қосымша сұрақтар бойынша консультациялар өткізілді.

КСШ ҚОРЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ



"Бес институционалдық реформаларды іске асыру бойынша 100 нақты қадам" Ұлт жоспарын іске асыру шеңберінде көмірсутекті шикізат қорлары бойынша есептілік стандарттарының халықаралық жүйесін енгізу бөлігінде ҚР ИДМ геология және жер қойнауын пайдалану комитеті тиісті

Мақсатты жұмыс тобын құрды. 29-қазанда істелген жұмыстардың нәтижесі қаралған, халықаралық жүйелерді енгізу бойынша шаралардың жол картасы талқыланды бірінші мәжіліс өтті. KAZENERGY қауымдастығы жер қойнауын пайдалану мәселесінде көшбасшы позициялардағы елдердің геологиялық барлауға инвестиция тарту бөлігіндегі, сол сияқты ЕАЭО бойынша өзіміздің серіктестеріміздің халықаралық тәжірибесін зерттеу бойынша алдын ала аналитикалық жұмыстар жүргізу қажеттігін мәлімдеді.

ADIPEC ФОРУМЫ «ИНДУСТРИЯДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР»

Қарашаның басында әмірліктер астана-сында ADIPEC халықаралық мұнай конференциясы-көрмесі аяқталды, оның шеңберінде «Индустриядағы әйелдер» Форумы өтті. Шараға Әйелдер энергетикалық клубының мүшелері (ӘЭК): KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры Тоғжан Қожалиева, "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ ТШО департаменті директорының орынбасары Жаңыл Қожаназар және «ConocoPhillips North Caspian Ltd» Қазақстандағы филиалының директоры Алмагүл Ашықова қатысты. Биылғы жылғы Форумда көптеген өзекті мәселелер, оның ішінде: Қазіргі күрделі экономикалық жағдайда әйелдер қандай жолмен табысқа жете алады? Ерлер әйелдердің кәсіби өсуіне және дамуына қалай қолдау көрсетеді және мүмкіндік береді? Бизнес пен қоғамды дамыту үшін жұмыс орнындағы гендерлік баланс пен теңдіктің маңыздылығы мәселелері талқыланды. Бизнесітегі әйелдердің дәстүрлі пікірлерінің сын-қатерлері: Қазіргі қай көшбасшы әйелдер болашақ жас әйелдерге тәлімгер болып, жол көрсете алады? БАӘ Халықаралық ынтымақтастық және даму министрі Шейха Любна Аль Касими жетекші спикерлердің бірі ретінде сөз сөйледі. Ол әлемдегі ең беделді әйелдер рейтингін иеленген. Оның салалық баяндамасының тақырыбы: Әйелдер неге қиындықтарға ұшырасады – бүгінгі энергетикалық нарықтағы әйелдер рөлінің маңыздылығы. «БАӘ саналы саясатының арқасында елде әйелдер жетістігі өзінің алдында тұратын кедергілерді жеңе алуына байланысты. Пайда келтіру үшін және жетістіктерге қол жеткізу үшін әйелдер, сөзсіз, өз қабілеттері мен қасиеттерін көрсетуі тиіс», - дейді Шейха Любна Аль Касими. Делегация мүшелері БАӘ өндірісші әйелдердің, энергетикада жоғары қызмет атқарып отырған әйел инженерлердің саны көп екенін атап көрсетті. Қазақстанда, екіншіке орай, мұндай көрсеткіш жоқ. Әйелдердің көбі белсенді, білімді, жоғары білікті, бірақ көбінесе орта буынды мамандар.

ПАРНИК ГАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН РЕТТЕУ



2015 жылғы 22-24-қазанда ҚР Энергетика министрі В.С. Школьниктің төрағалық етуімен «ҚР Экологиялық кодексі «Парник газдардың шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу» 9-1 тарауын алып тастау немесе қолданылу мерзімін кейінге қалдыру мәселесін қарау туралы» мәжіліс өтті. Мәжіліске қатысушылар парник газдардың шығарындыларын реттейтін қолданыстағы ҚР экологиялық заңнамасының жер қойнауын пайдаланушыларда оны қолдану бөлігінде қиындықтар туындайтын құқықтық коллизиялары бар екенін атап көрсетті.

Мынадай хаттамалық шешім қабылданды:

- парник газдардың шығарындыларын реттеу бойынша нақты механизмдер жасалғанша ҚР Экологиялық кодексі 9-1 тарауының жекелеген нормаларының

қолданылу мерзімін кейінге қалдыру мүмкіндігі туралы;

- ҚР Үкіметінің «Парник газдардың шығарындыларына квота бөлу ережесін бекіту туралы» 2012 жылғы 7 мамырдағы № 586 қаулысына базалық тармақты алып тастау және жобалық өндірістік қуаттылық бойынша квота бөлу бөлігінде өзгерістер енгізу туралы.

Қол жеткізіліген келісімдер нәтижесінде жұмыстар 3 бағытта жүргізіліп жатыр:

ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес базалық тармақ негізінде әзірленген 2016-2020 жылдарға арналған НПП бекіту;

Базалық тармақ бойынша квота бөлу әдісін алып тастау және жобалық өндірістік қуаттылық бойынша квота бөлу мақсатында НПА-ға өзгерістер енгізу;

ҚР Экологиялық кодексі 9-1 тарауының кейбір баптарын заңнамалық тәртіппен тоқтату мәселесін шешу.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған бағыттарды ҚР Энергетика министрлігі ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, «KAZENERGY» қауымдастығымен және басқа да салалық қауымдастықтармен бірлесіп пысықтауда.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЛАСТАНДЫРУДАН БОЛАТЫН ЗИЯНДЫ БАҒАЛАУ

Экологиялық заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмыстары шеңберінде Қауымдастық зияндарды жанама әдіспен анықтау бойынша тәсілдерді өзгерту мәселесі туралы бастама көтерді (кәсіпорынға түсетін артық жүктемені болдырмау үшін).

Осы мақсатта, Қауымдастық тау-кен-металлургия кәсіпорнымен бірлесіп зияны көлемін анықтауға арналған ұсыныстар мен жаңа формулалар жасау үшін кеңесшілерді тартты. Қауымдастықтың және энергетикалық және тау-кен-металлургия саласындағы компаниялардың мүшелері салық мөлшерлемесін және еселік коэффициентті қолданатын есептеулер бойынша кеңесшілер әзірлеген тәсілдер туралы 2015 жыл



бойы ұзақ уақыт талқылаулардан соң келісім жасады.

Қоршаған ортаны ластандырудан болатын зиянды экономикалық бағалау қағидасын өзгерту бойынша ҚР Үкіметінің тиісті қаулысы жобасы туралы ҚР Энергетика министрлігі бастама көтерді және қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың және мүдделі тараптардың келісіміне ұсынылды.

Қауымдастық 2015 жылғы маусымда МЕАЖ құру мәселесі бойынша зертеулер жүргізу және оны құруға қажетті инвестициялық ұсыныстарды және бюджеттік инвестициялық жобаның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу мақсатында мақсатты жоба жасау жөнінде бастама көтерді. Осындай жұмыстар шеңберінде КРО компаниясының мақсатты мүшелік жарнасының қаражаты есебінен тәуелсіз кеңесшілер тартылды, олар МЕАЖ құрудың тұжырымдамалық негіздерін қамтитын инвестициялық ұсыныстар жобасын әзірледі және ҚР Энергетика министрлігіне келісімге жіберді:

1. МЕАЖ құруды субъектілердің шығындарын барынша азайту үшін жер қойнауын пайдаланушылардың қолда бар есепке алу жүйелеріне біріктіру/қосу арқылы жүргізу. Осы орайда, қолда бар жабдықтар мен құралдарды ауыстыру талап етілмейді.

2. Жүйені қалыптастыруды нысандарды 2017 және 2020 жылдар аралығында ірі ораптық нысандардан бастап ұсақ нысандарға дейінгі нысандарды бірізді біріктіру мақсатында МЕАЖ-ға кезең-кезеңмен бірізді біріктіру.

2015 жылғы 10-қарашада инвестициялық ұсыныстарды қоса алғанда, МЕАЖ жобасы жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың, өндіруші компаниялардың өкілдерінің қатысуымен Қауымдастықтың Ғылыми-техникалық кеңесінде таныстырылды, оның нәтижесінде компаниялардың ескертпелері жобаны әрі қарай әзірлеу барысында ескерілді.

Қазіргі уақытта ҚР Энергетика министрлігі, «Мұнай және газ ақпараттық-аналитикалық орталығы» АҚ, Қауымдастықтар және жер қойнауын пайдаланушылардың мамандарының қатысуымен МЕАЖ әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылып жатыр. Оған қоса, ҚР Энергетика министрлігі мен «Мұнай және газ ақпараттық-аналитикалық орталығы» АҚ инвестициялық ұсыныс жобасын талқылауда. Инвестициялық ұсыныс жобасын мақұлдау нәтижесі бойынша ҚР Энергетика министрлігі, кеңесшілер белгіленген мерзімде бюджеттік инвестициялық жобаның техника-экономикалық негіздемесі жобасын қарауға ұсынады.

«КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ



16-қазанда ҚР Парламенті Мәжілісі Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитетте «Кейбір заңнамалық актілерге экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы таныстырылды, бұл жобаны 2014 жылғы қазаннан бастап 2015 жылғы сәуірге дейін мемлекеттік органдар, салалық қауымдастықтар және жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың қатысуымен ҚР Энергетика министрлігі жанындағы Жұмыс тобы әзірледі.

Осы заң жобасына Қауымдастық мүшелері әзірлеген мынадай бағыттар бойынша түзетулер енгізілді:

- 1) газды шарасыз өртеген жағдайдағы жабдықтардың технологиялық ақауын/ауытқуын енгізу;
- 2) мемлекеттік экологиялық сараптама мен қоршаған ортаға эмиссиялауға рұқсат беруді біріктіру арқылы әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру;
- 3) ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламаларын қарау кезінде оған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісім жасауды алып тастау арқылы мемлекеттік органдардың өкілеттілігін шектеу;
- 4) мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған жобалық құжаттамадан, сонымен қатар эмиссия нормативтерінен асып кетуге әкелмейтін ілеспе газды

өңдеуді дамыту жобаларынан ауытқулар болған жағдайларды алып тастау арқылы эмиссия нормативтерінен асып кету үшін жауаптылық базасын қысқарту.

Қазіргі уақытта Парламенті Мәжілісі Жұмыс тобының бір мәжілісі өтті, оның нәтижесінде депутаттардан алынған ескертпелер жұмыс тәртібімен пысықталып жатыр. Парламенті Мәжілісі Жұмыс тобының шеңберінде заң жобасын талқылау кесте-жоспарға сәйкес 2016 жылғы наурызға дейін өткізілетінін атап көрсету қажет.

Сондай-ақ, газды шарасыз өртеген жағдайдағы жабдықтардың технологиялық ақауын/ауытқуын енгізу мәселесі бойынша ұсынылатын түзетулерді әріқарай іс жүзінде іске еасыру мақсатында қауымдастық Мұнай операцияларын жүргізу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды өртеу нормативтері мен ауқымын есептеу әдістемесіне өзгерістер мен толқтырулар әзірлеу бойынша мақсатты жобаға бастама көтерді.

Мақсатты жоба шеңберінде газды технологиялық шарасыз өртеуді орындау барысында рұқсат етілген параметрлер бойынша тиісті халықаралық тәжірибеге, Қазақстанның жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының статистикалық деректеріне талдау жүргізу үшін, аталған Әдістемеге өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу үшін және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңына ұсынылатын түзетулерді іске асыру үшін қажетті өзге де мәселелер үшін «Мұнай және газ ақпараттық-аналитикалық орталығы» АҚ КРО, NCOС компанияларының мүшелік жарнасын ұсына отырып тартылады.

2015 жылы 10 қарашада ҚР Энергетика 1 Вице-Министрі Ұ.С.Қарабалиннің қатысуымен KAZENERGY қауымдастығы Ғылыми-техникалық кеңесінің (ФТК) мәжілісі өтті. Мәжіліс барысында мынадай тақырыптар қаралды: «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылар туралы» заңын мұнай айналымымен айналысатын компанияларды есепке алу және есеп беру саласында іске асыру. Жер қойнауын пайдаланушылар, мұнай базалары, мұнай тасымалдайтын компаниялар және МӨЗ-дің мұнайды есепке алатын ақпараттық жүйелеріне (МЕАЖ) қойылатын талаптар; «сланец» газы және «сланец» мұнайы, Қазақстанның кен орындарындағы өткізгіштігі төмен сланец қабаттарынан алынған көмірсутекті (мұнай мен газды) игеру және барлау; Оптикалық талшықты ұңғыма ішіндегі жүйелер; ARC композиттік қорғаныш материалдары, қолданылатын саласы мен ерекшеліктері. МЕАЖ бойынша мәселелер бөлігінде: қазіргі жағдайда ашық есепке алу, мұнайдың көлеңкелі айналымын бақылау, салық салынатын базаны ұлғайту нәтижесі ретінде және мұнай кен орындарының тиімді пайдаланылуын мемлекет тарабынан бақылау мәселесі ерекше назарға алынуда. Құрылғалы жатқан мұнайды есепке алатын ақпараттық жүйе преиденттік 5 реформаның 100 қадамының бірінің орындалуына мүмкіндік береді – Қазақстанның алдыңғы қатарлы шикізат саласының статистикалық деректер базасына қазақстандық қоғамдастықтың онлайн-қол жетімділігін қамтамасыз ету. Осыған байланысты ФТК мүшелеріне Жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылар туралы» заңын мұнай айналымымен айналысатын компанияларды есепке алу және есеп беру саласында іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу және ұсыну, сондай-ақ, жер қойнауын пайдаланушылар, мұнай базалары, мұнай тасымалдайтын компаниялар және МӨЗ есептік жүйелеріне қойылатын МЕАЖ талаптарын әзірлеу қажет.

More: <http://kazenergy.com/kz/press/2011-04-18-15-52-18/13880-2015-10-1-kazenergy-.html>

ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРІСІ КОМИТЕТІНІҢ 14-ШІ МӘЖІЛІСІ



Жуырда Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Мұнай-газ өндірісі комитетінің 14-ші мәжілісі өтті. ҚР Энергетика министрлігі, ҚР ҚМ Мемлекеттік кіріс комитеті, KAZENERGY қауымдастығы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг» АҚ және басқ. қатысты.

Күн тәртібі мазмұнды болды, атап айтқанда X Еуразиялық KAZENERGY Форумының қорытындысы бойынша есеп, КАНКТД қызметінің есебі тыңдалды және қабылданды. 2016 жылдан бастап мұнай базаларына аспаптарды орнату мерзімін ұзарту немесе тоқтату, парниктік газдарды реттеу туралы мәселелер жан-жақты талқыланды. Сондай-ақ, мұнай-газ өндірісінің техникалық стандарттарға сұранысының кешенді талдауы және халықаралық стандарттардың күрделі мәселелері, мұнай-газ өндірісіндегі, оның ішінде Кедендік одақ, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық регламенттер қаралды.

Мерейтойлық KAZENERGY форумының табыспен өтуі атап

көрсетілді. Биылғы шараға әлемнің 53 елінен 3230 адам қатысты. Медиалық жариялауларды БАҚ-тың 100-ден астам ұйымдары жүзеге асырды.

Мәжіліс бағдарламасының ең маңызды әрі қызу талқыланатын тармағы мұнай базаларына арналған бақылау-есепке алу аспаптары (БЕА) болды. Бұл мәселені олық қарау үшін және БЕА жаңа жүйелеріне көшу үшін уақыт қажет, ал заңнаманың кейбір тармақтарына түзетулер мен толықтырулар енгізу қажет, себебі бұрын белгіленген 2016 жылғы қаңтар мерзімі БЕА орнатуға көшу уақытын қысқартады, мұның өзі өндіріске және мұнай базалары мен АЖҚ қаржы жағдайына қатты әсер етеді.

Парниктік газдарды реттеу мәселесі бойынша «Парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу» ҚР Экологиялық кодексінің 9-1 бөлімінің жекелеген баптарының қолданылу мерзімін тоқтату, кәсіпорындардың өндірістік жобалық қуаттылығы бойынша ПГ шығарындыларының есептеулері негізінде 2016-2020 жылдарға арналған парниктік газдардың шығарындыларына квота бөлудің ұлттық жоспарын әзірлеу бөлігінде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ МӘЖІЛІСІ

16 қарашада KAZENERGY қауымдастығында BG Қазақстан Президенті Питер Костеллоның төрағалық етуімен Адами капиталды дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің кезекті мәжілісі өтті. Мәжіліске KAZENERGY, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Керок» АҚ, BG Қазақстан, NCOC, «Теңізшевройл» ЖШС, TethysPetroleum, Agip Caspian Sea B.V., KPI, CAUTC-ОЙЛ, сондай-ақ ҚР Энергетика министрлігі, ҚР ДСӘДМ жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ААО өкілдері және басқалары қатысты. Бұл кездесу биылғы жылғы қорытындылаушы болды және 2015 жылы іске асырылған жобаларға және алдағы жылғы жоспарларға арналды.

KAZENERGY мен «СНПС «Ай-дан Мұнай» АҚ-ның келісімшарттық міндеттемелерді іске асыру жөніндегі әрекеттестігінің қорытындысы бойынша 237 студент еліміздің жоғары оқу орындарында және колледждерінде жер қойнауын пайдаланушылар есебінен білім алып жатыр. Солтүстік Каспий және Қарашығанақ жобалары ауқымында ҚР азаматтарына білім беру ісіне әкімшілік етуді жүзеге асыру шеңберінде оқуына ақы төлеу үшін 328 үміткер іріктеп алынды. Екеуінде де түлектердің әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына басымдық берілді. Оған қоса, 2014-2015 оқу жылына арналған KAZENERGY білім беру бағдарламасы шеңберінде ҚазМұнайГаз, Маңғыстаумұнайгаз, Шеврон және Интергаз Орталық Азия қолдауымен 91 студентке шәкіртақы төленді және білім гранты берілді. Сондай-ақ, биыл техникалық мамандыққа оқып жүрген студенттерді саланың өзекті мәселелерін шешуге, инновациялық ойлауды дамытуға және жастарды инновациялық идеяларды дамыту бойынша қозғалысқа тарту мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізілді: «Мұнай – өткеннің, бүгіннің және болашақтың энергиясы» атты дебаттық турнир, «Innovation map» инновациялық жоба әзірлеушілерінің байқауы, байқау жеңімпаздарының ҚР ЭМ вице-министрі РК Ұ.С.Қарабалинмен кездесуі.

Толығырақ: <http://kazenergy.com/kz/press/2011-04-18-15-52-18/13889-kazenergy-----.html>



ТРАНСФЕРТТІК БАҒА БЕЛГІЛЕУ



ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Президиумының Мұнай-газ өндірісі комитетінің шешіміне сәйкес 2015 жылғы 20-қазанда Kazenergy қауымдастығы жанынан «Трансферттік баға белгілеу туралы» ҚР Заңына мұнай-газ және энергетика саласына қатысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі Жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының қатысушылары:

әртүрлі экспорттық маршруттар бойынша шикі мұнай экспортын орындайтын жер қойнауын пайдаланушылар, консалтингтік компаниялар, ҚР мемлекеттік табыстар комитетінің, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, ҚР Энергетика министрлігінің өкілдері.

Жұмыс тобы қызметінің бағыттары: Шикі мұнаймен экспорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде баға белгілеу әдістемесін әзірлеу; «Трансферттік баға белгілеу туралы» ҚР Заңына өзгерістер әзірлеу және енгізу.

Шикі мұнаймен экспорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде баға белгілеу әдістемесін әзірлеуді 2015 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

ОФСЕТТІК САЯСАТТЫ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2015 жылғы 10-қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Заң жобалау қызметтері бойынша ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) мәжілісінде «Офсеттік келісімдер туралы» (бұдан әрі – Тұжырымдама) Қазақстан Республикасының Заң жобасы тұжырымдамасы қаралды, оның қорытындысында Тұжырымдама ВАК мүшелерінің ескертпелері мен ұсыныстарын ескере отырып мақұлданды.

Қазақстанда офсеттік саясатты енгізудің негізгі идеясы Қазақстан Республикасының аумағында жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндіріс құру үшін шетелдік инвестициялардың тартудың орнына бейрезидент-жеткізушілерден сатып алынатын шетелдік жоғары технологиялық өнімдерді жеткізу болып табылады.

Сонымен қатар, Тұжырымдамаға сай бейрезидент-жеткізушілерден ҚР аумағында өндірілмейтін ТЖҚ сатып алу кезінде жер қойнауын пайдаланушыларға офсеттік міндеттемелерді тарату (шектік мәнін белгілей отырып) жаңа өндірістердің бірі болып табылады.

Қауымдастық осы мәселе бойынша тұжырымдамалық ескертулер ұсынды (осы мемлекеттік міндеттерді жер қойнауын пайдаланушыларға жүктеудің құқықтық негіздерінің айқындығы, мұндай тәжірибенің басқа елдердегі жер қойнауын пайдаланушыларға қоланылмауы, жер қойнауын пайдаланушыларға қосымша міндеттерді жүктеудің қажетсіздігі, сатып алу процесінің күрделенуі, ТЖҚ құнының өсіп кету мүмкіндігі және т.б.).

Тұжырымдаманы талқылау барысында ВАК мәжілісінде ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің өкілі (әзірлеуші) офсеттік міндеттемелер бұрын жасалған келісімшарттарға қолданылмайды, жаңа өндіру келісімшарттарына қолданылады деп түсіндірді.

ВАК мәжілісінің қорытындысында, Қауымдастық тиісті заң жобасын қарау және әзірлеу кезінде ескерулері үшін әзірлеушінің (ҚР Инвестициялар және даму министрлігі) атына, ҚР Энергетика министрлігіне және «Атамекен» ҚР ҰКП-ға ұсыныстар мен ескертпелерді қайта жіберді.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ



Экспорттық кедендік баж салығы (ЭКБ) мәселесі бойынша ҚР Ұлттық экономика министрлігі шет елге шығарылатын баж салығы салынатын тауарлар тізімін, мөлшерлеме көлемін және олардың қолданылу мерзімін және шет елге шығарылатын баж салығы салынатын шикі мұнай мен мұнайдан жасалатын тауарларға қолданылатын мөлшерлемені есептеу ережесін белгіледі. Қазіргі уақытта KAZENERGY қауымдастығының мүшелері осы мәселені қарап жатыр және ескертпелер мен ұсыныстар жинау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Оған қоса, 2015 жылғы 11-қарашада ҚР Үкіметі «Рентабельдігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су алған, шығымы аз немесе сарқылған кен орындары санатына жататын көмірсутек шикізаты кен орындарының (кен орындары топтарының, кен орнының бір бөлігінің) тізбесін және пайдалы қазбаларды

өніруге салық салу бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31-желтоқсандағы № 1528 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді мақұлдады. Осы түзетулер жер қойнауын пайдаланушылардың жеңілдік алуға берген өтініштерін мемлекеттік органдардың жалпы қарау мерзімін азайтуға; сұраныс рәсімінің мерзімі бойынша регламенттеу, жер қойнауын пайдаланушылардың ұсынылатын өтініште негізделген есептеу ұсынуына мемлекеттік органдардың қосымша ақпарат ұсынуы және қарауы; жер қойнауын пайдаланушы өтініш берген кезде қаржы есептілігінің (аудиттелмеген) көшірмесін ұсынуы қажет болатын есепті кезең ұғымын регламенттеу және жеңілдік беруден бас тарту үшін негіз болып табылатын талаптарды жеңілдетуге бағытталған.

«КӘСІПТЕР ТОПТАСТЫРҒЫШЫ» ЖӘНЕ КӘСІПТЕР ТІЗІМІНІҢ РӨЛІ



18-қарашада ҚР Атамекен Ұлттық кәсіпкерлер палатасында Кәсіптер (кәсіптер, қызметтер) топтастырғышын талқылады. Қызмет түрлері және кәсіби қызмет салалары бойынша топтастырылған мұнай-газ кәсіптерінің тізіміне қатысты адами капиталды дамыту жөніндегі департаменттің директоры Ляззат Ақмұрзина сөз сөйледі.


Қауымдастық Кәсіптер топтастырғышы жобасына кейбір түзетулер енгізуді ұсынады:

1) мұнай-газ саласының жұмысшылары мен қызметкерлерінің барлық кәсіптері мен қызметтерін олардың ерекшелігі мен қызмет түрлері бойынша белгілеу (мұнай және табиғи газды барлауға байланысты кәсіптер; шикі мұнайды және табиғи газды бұрғылауға байланысты кәсіптер; шикі мұнайды және табиғи газды өндіруге байланысты кәсіптер).

2) жұмысшылар мен қызметкерлердің ішкі саладағы кәсіптер бойынша кәсіптік біліктіліктерінің диапазонын 5 деңгейге дейін ұлғайту және 90 кодты біліктілікті 6 және 7-деңгейге дейін (әкімшілік ету және өндірістік басқару саласындағы кәсіптер) жалғастыру, мұның өзі біліктілік деңгейін топтастыратын іртүрлі нормативтік құжаттардағы біліктілік деңгейлерімен үйлестіріледі және бірдейленеді: Жұмысшылардың кәсіптері, қызметшілердің лауазымдары және тарифтік разрядтардың жалпы одақтық топтастырғышы; Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалық; Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы; Техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі кәсіптер мен мамандықтардың топтастырғышы; Жоғары

және жоғары білімнен кейін білім алатын мамандықтардың топтастырғышы; Ұлттық біліктілік шеңбері және Салалық біліктілік шеңбері.

3) Геодезиялық және геологиялық зерттеулер бойынша барлық жұмыстар: жер бетін және шектес топырақ қабаттарын зерттеу; гидрологиялық іздестіру жұмыстары; жерасты қабаттарын зерттеу бойынша жұмыстар; шекараларын межелеуге байланысты картографиялық қызметтер, Қазақстан Республикасының экономикалық қызмет түрлерінің жалпы топтастырғышына сай жалпы бөлімде «Инженерлік ізденулер және осы салада техникалық кеңес беру саласындағы қызметтерге» белгілеу немесе «шикі мұнайды және табиғи газды бұрғылауға байланысты кәсіптерге» белгілеу.



KAZENERGY қауымдастығы қазіргі уақытта таяуда аяқталуы жоспарланған кәсіптер топтастыру саласындағы басқа бағыттар бойынша да жүргізіп жатыр. 2015 жылы Сала бойынша қызметтердің тарифтік-біліктілік сиптамасы, Мұнай-газ саласының мамандықтары мен қызметтерінің тізімі және басқа да тиісті құжаттарға сәйкес, жаңадан қабылданған мұнай-газ саласының барлық мамандықтарын Кәсіптер топтастырғышына енгізуді Қауымдастық осы мәселедегі басты міндет деп санайды.

«100 НАҚТЫ ҚАДАМ – ХАЛЫҚТЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖОСПАРЫ»

Осындай атаумен 2015 жылғы 13-қарашада Алматы қаласында БҰҰ-ның Қазақстандағы даму бағдарламасымен бірлескен әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қатысуымен ғылыми-практикалық конференция өтті («ПРООН»).

Елбасы Н. Назарбаев міндеттеген реформаларды іск еасырудағы әйелдер рөлін талқылау іс-шара барысындағы басты міндет болды. Конференцияға ҚР Мемлекеттік хатшысы, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Г.Әбдіхалықова, Алматы қ. әкімі Б. Байбек, ПРООН Қазақстандағы тұрақты өкілінің міндетін Мунхтуя Алтангерел, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттігі Төрағасының Орынбасары С.Ахметжанов, меморгандардың, ҒӨБ өкілдері, сарапшылар және басқалары қатысты. Спикерлердің сөйлеген сөздеріне сай заңның ұлықтылығы, адами капиталды дамыту, экономиканың өсуі, «Мәңгілік Ел» құндылықтар жүйесін дамыту арқылы қазақстандық сәйкестікті нығайту, инновациялық жобаларды дамыту, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, отбасы арқылы тәрбиелеу, есеп беретін мемлекетті құру арқылы халықтың тұрмысын жақсарту, қазіргі заманғы мемлекеттік аппаратты қалыптастыру арқылы әйелдердің мүмкіндіктерін ұлғайту және көптеген басқа ұғымдар аса маңыздылыққа ие болады. С докладом от Ассоциации KAZENERGY қауымдастығы атынан KAZENERGY ҚҚ атақарушы директоры Ляззат Ахмурзина сөз сөйледі, өз сөзінде ол KAZENERGY жобасы - «Мұнай-газ саласындағы әйелдер» ақпараттық-аналитикалық шолуы туралы (мұнай-газ саласының үлгісіндегі зерттеу жұмыстары) әңгімеледі. Зерттеу міндеттерінің бірі әйелдерді мұнай-газ саласына, «ерлер» кәсібіне тарту мәселесін қадағалау болып табылады.

АЛДАҒЫ ОҚИҒАЛАР

KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ КЕҢЕСІ



2015 жылғы 9-желтоқсанда Қауымдастықтың кеңейтілген 19-шы мәжілісі болды.

Кеңестің күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізіледі:

- Атқарушы комитеттің 2015 жылғы істелінген жұмыстары туралы есебі;
- мерейтойлық X «KAZENERGY»

форумының қорытындысы туралы;
- қауымдастықтың 2016 жылғы қызметі туралы.

Кеңеске қауымдастықтың барлық мүше компанияларының бірінші басшылары қатысады.

Қауымдастық кеңесі Қауымдастық Төрағасы басқаратын және оның жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін алқалы басқару органы болып табылады. Кеңестің құзыретіне қауымдастық қызметтерінің басым бағыттарын айқындау және өзге мәселелерді шешу жатады.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ХАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ 26-ШЫ СЕССИЯСЫ



2015 жылғы 3-4 желтоқсанда Грузияның Тбилиси қаласында Энергетикалық Хартия Конференциясының 26-шы сессиясы өтеді:

2015 жылғы 3-желтоқсанда Конференцияның жарғылық бөлігі болады. 4-желтоқсанда – «Энергия тасымалдағыштардың трансшекаралық саудасы арқылы өңірлік ынтымақтастықты дамыту» тақырыбында министрлік бөлігі өтеді.

Энергетикалық Хартия Конференциясы 26-шы сессиясының министрлік бөлігінің мақсаты - энергия тасымалдағыштардың трансшекаралық саудасы арқылы өңірлік ынтымақтастықты алға бастыруға байланысты мәселелерді талқылау үшін жаһандық форум ұйымдастыру.

Талқыланатын негізгі тақырыптар:

- өңірлік және жаһандық деңгейдегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі энергия тасымалдағыштардың трансшекаралық саудасының рөлі;
- тұрақты дамуға арналған энергия тасымалдағыштардың тасымалдау инфрақұрылымын құру бойынша ірі жобалардың рөлі;

- тұрақты энергетиканы инвестициялауды ынталандыру және энергетикалық нарықтың бірігуіне көмектесу үшін өңірлік ынтымақтастықтың рөлі;

- энергия тасымалдағыштардың трансшекаралық саудасын алға бастыру және тасымалдау бағыттарын өртараптандыру үшін көпжақты негіздердің тиімді әсері.

Конференциясы министрлік бөлігінің жұмысына Энергетикалық Хартияға мүше елдердің салалық министрліктерінің министрлері, сонымен қатар энергетикалық кәсіпорындардың жоғары звенодағы басшылары қатысады. Энергетикалық Хартия Конференциясының 25-ші сессиясы өткен жылы Астанада өткенін естеріңізге саламыз.

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫН ДАМУ ТҰРАҚТЫ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ



2015 жылғы 2-желтоқсанда 2016 жылға арналған өзекті мәселелер мен міндеттерді талқылауға арналған Мұнай-газ саласын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің кезекті мәжілісін өткізу жоспарланып отыр.

Күн тәртібіне «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексін әзірлеу, «Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізу, 2016 жылғы «Қазақстан Республикасының Трансферттік баға белгілеу туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, мұнай және мұнай өнімдерін есепке алу ақпараттық жүйесін құру мәселесі бойынша зерттеулер бойынша жұмыстарда «KAZENERGY»

қауымдастығының мақсатты жобаларын іске асыру туралы мәселелер енгізілді. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің нормативтік-техникалық құжаттарын әзірлеуге қатысу туралы «KAZENERGY» қауымдастығының техникалық реттеу департаменті сөз сөйлейді. Сондай-ақ, күн тәртібінде Қауымдастық мүшелерінің мынадай күрделі мәселелері талқыланбақ: Қазақстан Республикасы мұнай құю флотына арналған жүк базасын азайту туралы, Қазақстан Республикасы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІМЕН ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУ!



*Құрметті қауымдастық мүшелері мен
серіктестері!*

*Сіздерді келе жатқан мерейлі қос мерекемен -
Президент күнімен (1-желтоқсан) және
Тәуелсіздік күнімен (16-желтоқсан)
құттықтаймыз!*

*Елбасының сындарлы саясатының арқасында
еліміз іргесі берік ірі мемлекетке айналды.
Еліміздің экономикасының қозғаушы күші - энер-
гетика саласына да баса назар аударылуда. Инве-
стициялар тарту саласында, бизнес үшін қолайлы
жағдай жасау үшін көптеген істер атқарылып
жатыр. Қауымдастық өзінің барша серіктестері
мен мүшелеріне ел игілігі жолында табысты
еңбек етуге, алға қойған мақсаттарыңыздың то-
лық орындалуына тілектестік білдіреді!*



Бюллетеньге ақпараттарды
жариялау мәселесі бойынша
KAZENERGY баспасөз
қызметіне хабарласыңыз
Тел: +7(7172) 710181
Alimova@kazenergy.com